

«Жаңа-Майлы учаскесінде құрылыс құмына іздеу-бағалау (барлау) жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының жоспары жайында талқылау хаттамасы.

Өткізілген күні: 11 мамыр 2017 жыл.

Өткізілген жер: Аягөз қаласы, Шығыс Қазақстан облысы

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастырған мекеме: Майлин ауылдық округінің әкімшілігі, «Аягөз құрылыс материалдары комбинаты» ЖШС-і.

Қоғамдық тыңдаулар жайындағы ақпараттың берілген түрі- «Дидар» облыстық газеті №40 , 11.04.2017 ж.

Қатысқандар: Аягөз ауданы Майлин ауылдық округінің әкімі Г.Шаймарданов, Майлин а/о бас маманы – А.Мухамадияров, Аягөз аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысының орынбасары Н.Қантаев, Аягөз аудандық мәслихатының депутаты Н.Дюсенбаев, ШҚО экология департаментінің инспекторы С.Баранова, «Аягөз құрылыс материалдары комбинаты» ЖШС-нің директоры Қабдиев Ж. және өкілі Рамазанова Ш., «ГРК Белогорский ГОК» ЖШС-нің директорының орынбасары Д.Ж.Ахметов, тау-кен инженері А.Балакирев, Майлин ауылының тұрғындары.

Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: ««Жаңа-Майлы учаскесінде құрылыс құмына іздеу-бағалау (барлау) жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының жоспарын талқылау»».

Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы болып - Г. Шаймарданов, хатшысы болып А. Балакирев сайланды – бір ауызбен қабылданды.

Сөйлегендер:

Майлин ауылдық округінің әкімі Г.Шаймарданов қоғамдық тыңдаулардың мақсаты жайында толығымен түсіндірді.

«АҚМК» ЖШС-нің директоры Қабдиев Ж. сөз сөйледі. Ол осы құрылыс құмының маңызы, құрылыс материалдары комбинатының технологиялық үрдісі жайында, шығаратын өнім жайында толық мәліметтер берді.

Одан кейін қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жайында Д.Ахметов, түсіндірді. Ең басты іс-шаралардың бірі ол аталған құрылыстың қоршаған ортаға әсерін қадағалау жөнінде айтты. Оның ішінде:

Жобаны іске асыру кезінде мыналар:

- санитарлық-қорғаныстық аймақтары,
- қазу жұмыстары барысында қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар,
- жер асты сулардың ластануын болдырмау жөніндегі шаралар;
- қазба жұмыстары кезінде қабылдауы талап етілетін басқа шаралардың міндетті түрде орындалатындығын айтып өтті.

А.Мухамадияров. – Сіздерде қазба жұмыстарын жүргізу кезінде жергілікті тұрғындардан жұмысшылар алу қарастырылған ба? .

Жауап: Ж.Кабдиев – Ия, қарастырылған, жаңа жұмыс орындары ашылады.

Қоғамдық іс-шараның қорытындысы: ««Жаңа-Майлы учаскесінде құрылыс құмына іздеу-бағалау (барлау) жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының жоспарын» бекіту.Ескертулер болған жоқ.

Төраға: Г.Шаймарданов

Хатшы: А.Бабақұлов

